

## БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

## Ұлттық дүниетанымдағы математика

ЖАРИЯЛАНДЫ  
06.10.2025СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/182791/**Шойбасов Асқарбек Темірханұлы***Барлыбек Сырттанұлы атындағы**№34 жалпы орта білім беретін мектеп**(қ. Астана, Қазақстан Республикасы)**Математика пәні мұғалімі*

Ұлттық мәдениет – халықтың рухани болмысының айнасы, ал математика – сол мәдениеттің ішкі қисындары мен заңдылықтарын айқындайтын ғылым. Қазақ халқының тұрмысында математика тек есеп-қисап құралы ғана емес, дүниетанымдық мәнге ие құбылыс ретінде көрінеді. Киіз үйдің пропорциялары, ою-өрнектің симметриясы, халықтық өлшемдер, ұлттық ойындардағы логика – барлығы математикалық ойлаудың ұлттық негізін көрсетеді.

Қазақ халқы «баланы жастан» тәрбиелеуде математика элементтерін тұрмысқа етене енгізген. Мәселен, «жеті қазына», «тоғыз қабат», «қырық парыз» секілді ұғымдарда сандық мәндер халық философиясының өзегіне айналған. Бұл көрсеткіштер тек символдық мағынада емес, сонымен қатар есептеу, салыстыру, логикалық ойлауға үйрететін құрал болған.

Математиканы ұлттық дүниетаным аясында оқыту – оқушыға тек теориялық білім ғана бермей, өмірлік тәжірибені меңгертуге жол ашады. Мысалы, киіз үйді құру барысында уық пен шаңырақ арасындағы бұрышты, керегелердің ұзындығын есептеу геометриялық заңдылықтарды нақты өмірмен байланыстырады. Ал дәстүрлі саудада қолданылған «жүзден бір бөлік» ұғымы – пайызды есептеудің халықтық көрінісі.

Этномәдени құндылықтарды математикаға кіріктірудің тәрбиелік мәні де зор. Оқушылар ұлттық тұрмыс пен мәдениет арқылы есеп шығарғанда тек білімін ғана дамытпайды, сонымен бірге ата-бабасының дүниетанымына құрметпен қарауды үйренеді. Бұл олардың мәдени-рухани дамуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда халықаралық талаптарға сай білім беруде функционалдық сауаттылық басты назарда. Осы орайда, ұлттық мазмұндағы тапсырмалар – оқушылардың

математикаға қызығушылығын арттырумен бірге, алған білімін күнделікті өмірде қолдануға үйретудің тиімді жолы.

Қорыта келгенде, «Ұлттық дүниетанымдағы математика» – дәстүр мен ғылымды сабақтастыратын, оқушыны жан-жақты дамуға жетелейтін маңызды бағыт. Ол ұлттық мәдениет пен заманауи білімнің тоғысқан тұсы ретінде болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал етеді.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Әбілқасымова А.Е., Бидосов Е.Ж., Мырзабаев Б. *Математиканы оқыту әдістемесі.* – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
2. Бозжанова К., Әбілдина С. *Этнопедагогика және білім беру.* – Алматы: Рауан, 2018.
3. Сүлейменов Қ., Төлендиева С. *Ойын элементтерін қолдану арқылы математикадан білім сапасын арттыру.* – Алматы: Білім, 2021.
4. Жұмабаев М. *Педагогика.* – Алматы: Ана тілі, 1992.
5. *Қазақстан Республикасы БҒМ. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.* – Астана, 2018.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.